

№34 орта мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңес отырысының

№6 ХАТТАМАСЫ

Ақтобе қаласы

25.12.2021 жыл

Қатысқандар:

Комиссия мүшелері-9

Қатысқаны -12

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева

Күн тәртібінде:

- 1.Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау
- 2.Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысуға қоғам мен демеушілерді тартуға көмек.
- 3.«Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу»
4. Мектептің 30 жылдығына

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы А.А.Кокимова сөз алды: ҚАйырлы күн кеңеске қатысушылар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп асханасынан 21 білім алушылар тегін ыстық тамақпен қамтылып жүр. Қамқоршылық кеңес мүшелері аптасына бір рет болсада асханадағы тамақтың сапасын бақылау жүргізеді, күнделікті тамақ сапасын мектеп медбикесі тарапынан тексеріліп отырылады. Сонымен қатар асхананы жалға алушы Г. Ержакиповамен отырылған келсім шарттың мерзімінің бітуіне байланысты, 2022жылы конкурс ойнатылады және жаңартылған ас мәзірінің үлгісі бекітіледі. Осы орайда қамқоршылық кеңес мүшелері атсалысып, асхананың зерделеу жұмыстарына қатысу үшін атсалыссак дегім келеді.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева сөз алды: Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері! Өздеріңіз білетіндей алда балаларымыздың асыға кететін мерекесі Жаңа жыл келе жатыр. Мектебіміздегі 21 жеңілдетілген санаттағы оқушыларымызға дәстүрге айналған шарамыз бойынша сыйлықтар таратылса қуанып қалар еді. Осы орайда жаңа жылға сыйлық ретінде араларыңыздағы қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер Құдайбергенов Орал Болатұлына мектеп әкімшілігінің атынан, алғысымызды жеткізгіміз келіп отыр. Себебі, 129980 теңгеге жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жекелеген санаттағы 12 оқушыға қыстық етік алып берді.

№	Оқушының аты-жөні	Класы	Әлеуметтік статусы	Материалдық көмек	Бағасы
1	Тлеумағамбетов Али	11а	жетім	Қыс етік	10890
2	Сыздықов Камила	11ә	жетім	Қаржылай	20000
3	Сапартілеу Сүлеймен	6а	көп балалы,аз қамтылған	Қыс етік	9990
4	Қалдыбек Дәнекер	5ә	аз қамтылған	Қыс етік	15000
5	Жолымов Айым	9а	көп балалы,аз қамтылған	Қыс етік	15900
6	Демеу Диана	5б	аз қамтылған	Қыс етік	13900
7	Исмағұл Еркінбек	1б	көп балалы,аз қамтылған	Қыс етік	5000
8	Еркінбек інісі Рамазан	үйде	көп балалы,аз қамтылған	Қыс етік	5000
9	Еркінбек інісі	үйде	көп балалы,аз	Қыс етік	5000

			қамтылған		
10	Маратова Айша	2а	аз қамтылған	Қыс етік	15000
11	Шакиев Абу	2а	көп балалы, аз қамтылған	Қыс етік	7200
12	Абу інісі Амир	үйде	көп балалы, аз қамтылған	Қыс етік	7100
Барлығы:			129 980 тенге		

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің тарапынан мектептегі аз қамтылған, көп балалы отбасылар мен жетім балаларға материалдық көмекке үнемі атсалысып отырады.

Оқушыларымызға Жаңа жылды елімізде болып жатқан санитарлық эпидемиологиялық жағдайларға байланысты, әр класс өз кабинеттерінде тәрбие сағаттары ретінде өту жоспарланып отырғандығын айтты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі полиция капитаны, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор Мурсалова А.А. сөз алды: Бұл тақырып бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырғандығы баршаңызға белгілі. Кәмелет жасқа толмаған оқушылардың әр түрлі қылмыс жасамауын, түнгі уақытта беймезгіл жүрмеуін қадағалау мақсатында түнгі рейдтер үнемі ұйымдастырылып отырғанын ескертті. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың мәселесі белең алуда екенін, кикілжіңі, топ құрып қақтығысуы, бірін-бірі сыйламауы сияқты іс-әрекеттер өте қарқынды түрде дамып келе жатыр. Сондай жағдайлардың алдын алу үшін мектебіміздің оқушыларына ПБ мамандарымен жиі кездесулер жасап, әкелерді мектептің қоғамдық жұмыстарына, бала тәрбиесіндегі шараларға қатыстыру керектігін айтты. Өзіде метептің мұғалімдерімен және араларыңызда отырған Балышов Ұбынғабас Бақытұлымен және қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы Кокимова Айнагүл Айжарыққызымен бірге түнгі рейдтік шараларға бірге шығып жүргендерін айтты. Осы уақытқа дейін мектеп оқушыларының бей мезгіл уақытта жүргендерін көрмеген екендігін жеткізді.

Шешім:

1. Тамақтану сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаңа жылдық сыйлықтар таратуға демеушілік тартылсын, оқушыларға жаңа жылды атап өту тек тәрбие сағаты ретінде өткізілсін.
3. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ПБ мамандарымен кездесулерді арттыру, Әкенің мектеппен бала тәрбиесіндегі жұмыстарын жандандыру.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Кокимова Кокимова Айнагүл Айжариковна

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Мұқанов Мұқанов Әлімбек Серғалиұлы

Сагинтаева Сагинтаева Калия Сагинтаевна

Құдайберген Құдайберген Орал Болатович

Мурсалова Мурсалова Ақмарал Аманғалиевна

Аймағамбетов Аймағамбетов Еділ Қонайұлы

Даржанов Даржанов Сакен Арыстанғалиұлы

Избасханова Избасханова Бағымжан Ерсегізқызы

Балышов Балышов Ұбынғабас Бақытович